

**ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ ЭНЕРГИЯМЕН ЖАБДЫҚТАУ ШАРТЫНЫҢ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ****Барболов Азат Каиргельдыұлы**[Az@tsaniya@mail.ru](mailto:Az@tsaniya@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 7М04201 «Құқық және мемлекет» мамандығының 2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - И.С. Сақтаганова

Кеңестер одағының ыдырауы екі мемлекеттің отын – энергетика саласындағы байланыстарды үзіп, көптеген қиындықтарға душар еткені анық. Мұның салқыны Екібастұздың көмір өндірушілеріне де, ресейлік тұтынушыларға да тиді. Бұдан әсіресе, Ресейдің Урал және Батыс Сібір аймағындағы кәсіпорындар мен тұрғындар қатты зардап шекті. Екібастұздың көмірінсіз күн көре алмайтынын білген «Свердловскэнерго», «Омскэнерго», «Челябэнерго» акционерлік қоғамдары мен «Тройцк», «Черепецк» ГРЭС-тері 1994 жылдың қыркүйегінде «Екібастұз көмір» акционерлік қоғамымен келісім жасауға мәжбүр болған еді.

Ұзақ мерзімді қамтитын бұл келісімде 2005-2015 жылдары Ресей Федерациясының жылу электр станциялары жыл сайын жалпы көлемі 28 миллион тонна Екібастұз көмірін алып тұру көзделген. Бастапқыда солай болды. Бірақ, «Екібастұз көмір» акционерлік қоғамының мүліктік кешені тендерге қойылып, «Северный» разрезі мен «Богатырь» разрезінің № 9 алаңы, «ЕЭС Россия» акционерлік қоғамының, «Богатырь» разрезі «Аксесс Индастриз» компаниясының, ал «Восточный» разрезі Еуразиялық энергетика компаниясының меншігіне өткеннен кейін Ресейдің жылу электр станцияларына көмір жеткізуде қосымша қиындықтар туындады. Біртұтас көмір кешенін бөліп-бөліп алған олар жоғарыдағы келісімді ысырып қойып, әрқайсысы тұтынушылармен бір жылға ғана келісім–шартқа отыруды жөн санады [1, 25 б.]

Бұл жылдары Қазақстанда да, Ресейде де электр энергиясын аса көп қажет ететін өнеркәсіп өндірісі жөнді жұмыс істемей тұрған болатын. Ал Екібастұз көмір бассейніндегі көмір өндіретін разрездердің бұрыннан қалыптасқан жағдай бойынша өздерінің тұтынушылары бар еді. Мысалы, «Восточный» разрезі негізінен «Омскэнерго» мен Қазақстандық тұтынушыларды, «Богатырь» және «Северный» разрезі Ресей Федерациясының Батыс Сібір мен Уралдағы электр станцияларын қатты отынмен қамтамасыз етуге бағытталған.

Екі елде де өнеркәсіп өндірісі құлдырады, сондай-ақ біртұтас көмір кешені мүлкінің үш бірдей жаңа қожайынға берілуі стратегиялық маңызы аса зор Екібастұз көмір бассейнінің экономикалық жағдайына кері әсер етті. Соның салдарынан өнім өндіру мен оны өткізу көлемі еселеп төмендеді. Мәселен, 2005 жылы Ресейдің энергетикалық кәсіпорндары үшін 40.36 миллион тонна көмір жеткізілген болса, 2010 жылы – 23.9 миллион тонна, 2015 жылы – 21,21 миллион тонна, 2017 жылы 25,27 миллион тонна жөнелтілген.

Қазіргі кезде Ресейде электр энергиясының 20 пайызы, АҚШ-та 56, Қытайда – 70, Еуропада – 90 пайызы көмірді пайдалану арқылы өндіріледі. Бұл «қара алтынның» қадірі әлі де артатындығын, үлкен сұранысқа ие болатындығын білдірсе керек. Сондай-ақ оны соңғы жылдары Ресейде өнеркәсіп өндірісі саласының жандана бастағанын да көруге болады. Өз кезегінде ол жылу электр станцияларында электр энергетикасының көптеп өндірілуінде алып келмек [2].

Ресей отандық тауар өндірушілерін қолдау мақсатында жылу электр станцияларында өз отындарын көптеп пайдалануды жоспарлап отыр. Оның бастамашысы, әрі белсенді насихатшысы – Кемеров облысының губернаторы Аман Төлеев. Губернатор өздерінің жылу электр станцияларында Кузбасстың пайдалануды біраздан бері ұсынумен келеді. Ресей халыаралық транзиттік тарифті енгізген соң, темір жолмен жүк тасымалдау Қазақстанға

карағанда екі еседей өсті. Бұл Ресейліктерге көмір жеткізіп беруші Екібастұзға да, оны алушы Ресейлік кәсіпорндарға да қолайсыз болып тұр. Осының салдарынан Екібастұз көмірімен жұмыс істейтін жылу электр станциялары өндіретін жылу мен электр энергиясы да қымбаттайтын болады. Мұны болдырмаудың ең басты жолы – тариф мәселесіне байланысты үкіметаралық келісімге келу. Осы мәселе шешілсе, ол екі елдің экономикасына оң ықпал етіп, Қазақстан мен Ресейдің интеграциялық байланыстарын нығайтуға қызмет еткен болар еді. Отын мен электр энергиясы тапшылығы салдарынан биылғы қыста Ресейдің бірқатар аймақтарындағы қалалар мен елді мекендердің жылусыз қалуының мәні соның салдары болса керек.

Аса ірі көмір өндірісі кешенінде көрініс бере бастаған өзекті бұл проблемалардың туындауына отын – энергетика саласын дамыту жөніндегі ұзақ мерзімге арналған мемлекеттік бағдарламаның әлі күнге дейін жоқтығы басты себеп болып отырғандығын атап айтқан жөн. Үкіметтік деңгейді қабылданған негізгі еліміздің отын – энергетика саласын кешенді дамыту мүмкін емес. Ең алдымен мұнда Қазақстан мен Ресей арасындағы көмір және электр энергиясын тасымалдаудағы қазіргі байланыстар ескерілгені жөн мәселен, Павлодар облыстық әкімдігі мен Екібастұз көмір бассейніндегі кәсіпорндар бірлесе отырып, «Екібастұз көмірі» атты бағдарлама жасады. Оны сол кезде болған энергетика және минералды ресурстар министрлігі бекітті [3, 98б.].

Шешімін күткен осындай елеулі мәселелердің жоқшысы болып, Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің шенеуніктері жүруі керек-ақ еді. Қазірге олар тарапынан қатты отынға деген жанашырлық байқалмайды. Ресейдің ұлттық игілігі – экономикалық энергетикалық сектордың кадрлері потенциалы және ғылыми-техникалық, өндірістік және табиғи отын – энергетикалық қордың жандануы. Оны қолайлы қолдану үшін, ең алдымен ел кризистік жағдайдан шығуы керек және бір деңгейдегі даму траекториясына ауысуы, халықтың жақсы тұрмыс халін жақсаруын қамтамасыздандыру. Осы игілікті толығынан қолдану үшін Ресей энергетикасының қауіпсіздігін қамтамасыздандыру, елдің рыноктық экономикалық жағдайға ауысуы, ұзақ мерзім негізін салу, қоғамды энергиямен қамтамасыздандырудың бір қалыптылығы және тәуелсіз мемлекеттің энергетикасын сақтау. Осыны сақтау үшін ғылыми дәлелденген және қоғаммен қабылданған ұзақ мерзімді энергетикалық саясат керек. Бұндай саясат 1992 жылдан бері мақсатына сай дамып келе жатыр. 1992 жылдың қыркүйек айында Ресей Федерациясының Үкіметі жаңа экономикалық жағдайын энергетикалық саяси негізгі Концепциясын мақұлдады. 1995 жылдың мамыр айында Ресей Президентінің Жарлығының (№4720.07.05.95 ж). «Основные направления энергетической политики Российской Федерации на период до 2010 года» қабылдануы, ал кейінірек Үкімет қаулысы мен Ресейдің негізгі Энергетикалық жағдайдың стратегиясы мақұлданды (№1006, 13.10.95ж). 1997 ж Ресей Президентінің Жарлығы «Основные положения структурной реформы в сфере естественных монополий» қабылданды (№ 426, 28.04. 97 ж), ал Үкімет қаулысымен «Программа мер по структурной перестройке, приватизации и усилению контроля в сферах естественных монополий» (№ 987 07.08. 97 ж). Оны іске асыру механизмі және приоритеті, мақсаты, негізгі энергетикалық саясаттың бағыты жоғарыда айтылып кеткен құжаттармен анықталады. Елдің энергетикалық саясатының бастапқы мақсаты болып 2010 жылғы кезеңге дейінгі отын – энергетикалық кешендік саласын қайта құру – Ресейдің барлық экономикалық және негізгі энергетикалық секторының құрылымын көтеру. Ресей Федерациясының энергетикалық саясаттың ұзақ мерзімділігі, атқару билігінің федералдық органның бірлесіп әрекет етуі үшін, Ресей Федерациясының субъектісінің атқару биліктік органы, жергілікті өзіндік атқару органы, кәсіпорын, экономикалық жағдайларын анықтады және экономикалық энергетикалық сектордың ұйымының іске кірісу мақсаты: елдің энергосақтаушылардың экономикасын және халықтық тұрақтылығын қамтамасыздандыру; отын – энергетикалық ресурстарын пайдалану қолайлығын жоғарлату және елдің экономика ауысуы үшін энергосақтаушы жолдардың даму жағдайын құру қажет; сенімді шикі заттық база құру және отын – энергетикалық кешеннің дамуын рыноктық қатынаста қалыптасу тұрақтылығын қамтамасыздандырады; Отын – энергетикалық кешеннің қоршаған ортаға

тигізетін негативті әсерін азайту; Отын – энергетикалық кешеннің экспорттық потенциалын қолдау және экспорттық өнімді кеңейту; Ресей Федерациясының энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыздандыру, Ресей энергетикалық тәуелсіздікті сақтау.

Ресейдің энергетикалық стратегиясы мемлекет құжаты сияқты негізгі мәнісін қамтып көрсетеді, энергетикалық саясаттың мәнін, ортаның қалыптасу жағдайын қарастырады, көрсетілген мақсатқа жетуді қамтамасыздандырады. Энергетикалық стратегияның қойылған мінездемесі және мақсатының көбісі алдыңғы жылы іске асқан. Мына ерекшеліктерге көңіл бөлінеді: Отын – энергетикалық кешеннің негізгі тұтыну қызметі елді отынмен және энергиямен қамтамасыздандырады; елде энергетикалық тәуелсіздікті сақтайды; отын – энергетикалық кешен қызметінің іске асыру позитиві елдің экономикасына әсер етті, оның өмір сүру қабілеттілігін қамтамасыздандыру үшін экономикалық негізін жүргізді, ал отын – энергетикалық кешеннің үлесінен жүргізілуі мемлекеттік кіріс салығы (Отын – энергетикалық кешеннің кірісі үштен жоғарғы бөлігі нығайту (ұзарту) бюджетімен реттеледі, сондай-ақ валюталық кіріс (40% жоғары); отын – энергетикалық кешеннің қоршаған ортаға әкелетін технологиялық ауыртпалықтың азаюы (5 жыл ішінде орта есеппен 10 % ). Сонымен бірге Ресейдің энергетикалық стратегиясының көп жағдайы орындалмады. Ерекше көңіл бөлетін болсақ: отын – энергетикалық кешеннің барлық қызметтік көрсеткіші көлемі және қаржысы, экономикалық қалыптасу стратегиясының бағытын болжауының нашарлығы, сонымен бірге экономиканың кризистік жағдайымен байланысты және мемлекетпен қаржыландырылмауы; газ және мұнай қорының негізгі өсуін қамтамасыздандырмау, яғни, 1994 жылдан бері олар тұтынған өнімнің орнын толтырмауы; инвестициялық климаттық қолайсыздығы.

Осы бағытта қолданылатын актілер үзінді түрінде мінезделеді және рыноктық жағдайда шаруашылық жүргізудің қарым-қатынасының мемлекеттік реттеуіне сәйкес нәтиженің (тиімділігінің) жеткіліксіздігі [4, 266.].

Энергетикалық стратегияның қойылған мақсатына қол жеткіз әлі де болсын Ресей мемлекетінде өзекті проблема болып қалады, бірақ жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдай жаңа шешімді талап етеді. Осы әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып Ресей энергетикалық стратегиясын 2020 жылға дейін созған. Экономикада энергиямен қарулану және мемлекетте экономиканың даму деңгейінің көрсеткіші қазіргі кезде энерго тиімділігі негізгі орын алады.

Энергияны тұтыну (өнеркәсіппен, транспортпен, басқа да экономикалық сектормен) ауаны ластауымен қабаттаса жүреді, Мысалы: жер және су қорларын, сонымен бірге адамның денсаулығына әсер ететін факторлары бар.

Ресейде энергияны тасымалдау, өңдеу және оны экспорттау соңғы жылы 35%, оның 57% жоғарысы мұнай сонымен бірге өнімі және 34% табиғи газ.

Ресей мемлекеті - өзінің меншігіндегі энергия қорының отын және энергияны тұтыну практика жүзінде өзін толық қанағаттандырады.

Осы энергетикалық стратегияның жобасын қарау кезінде 100-ден астам ұйым өкілдері сонымен бірге 20 министрліктер, ведомствалар және басқа да федеральдік билікті атқару органдары, Ресей Федерациясының 50 субъектісі, 24 компания, 15 ҒЗИ және жоғарғы оқу орындары қатысты.

Энергетикалық стратегияның жобасын және оның негізгі ереже жиынтығы 2000 жылдың наурыз-сәуір айында Ресей Федерациясының Үкіметіне Федерацияның субъективті атқару органының билігіне, отын – энергетикалық кешеннің ұйымына және өнеркәсіпке, ғылыми-зерттеу және инсти-туттарға, жоғарғы оқу орнына, қоғамдық энергетикалық ұйымның талқылауына жіберілген. Стратегия жобасы және негізгі ереже жиынтығын қарастыру ерекшелігі экспорттық төраға кеңесіне берілген, яғни Ресей Федерациясының Үкіметінің ұйғарымымен арнайы экспорттық комиссия құрылған.

Сонымен экономика және энергияның алғашқы кезеннің жүзеге асырылу жағдайы инвестициялық мүмкіншіліктері шектелініп бейнеленуі, өндірістік, технологиялық және кадрлік потенциалдың бар қажеттілігін қолдану. Келесі кезеңде инвестициялық мүмкіншілікті

қолдан келгенше кеңейту, позитивтік құрлымның қарқынды өсуі және энергияның тиімді тенденциясы отын – энергетикалық кешеннің талабына сай сүйене жүзеге асырылуы тиіс.

Энергетикалық стратегия – оны іске асыру механизмі және мемлекеттің саяси энергетикалық ұзақ мерзімділік приоритеті ғылыми жүйеде негізделген негізгі құжатты камтиды. Энергетикалық стратегия негізгі бағыттын айқындайды мақсатын және энергетикалық саясаттың мәселесін сыртқы және энергетикалық сектордың ішкі жағдайымен мiерзiмiнен бұрын қарастырылады, макроэкономикалық, геосаясаттың және елдің ғылыми технологияның дамуы. Ресейде энегетиканың қауiпсiздiгi энергетикалық қауiпсiздiк стратегиясында мұндай ұғым бар – елдің (аймақтық), оның азаматтарының, қоғамның, мемлекеттің, отын және энерго қамтамасыздандыру қауiпсiздiгiнiң экономикалық жағдайы қорғалады [5, 35 б.].

Энергия тасымалдау бағасы налогтың есеп жүргізу саясатымен қамтамасыздандырылуы керек, өндірістік өзін қаржыландыру және отын – энергетикалық кешеннің қолайлы жұмыс істеу құрлымының қызметін инвеститциялау; энергия тасымалдаудың негізгі түріндегі баға арасындағы сай келмеушілікті (үйлесушілікті) жою, олардың қолайлы деңгейі, табиғи газдың бағасына негізделіп жақындастырылуы, энерготасымалдаудың әр түрлі жылулық қабілеттілігін ескеру, яғни ол қордың жоғарғы белсенуі сақтандыру технологиясына қосылуына мүмкіндік туғызады және елдің отындық кешеннің құрлымы жалпы қолайлы дамиды. Осы мәселені ойдағыдай аяқтау үшін біраз нәрсе істеу қажет және арнайы механизмді іске қосу қажет; мазут және шикі зат мұнайының арасындағы бағаның сай келмеушілігін жою, сондай-ақ жылу және электроэнергияның және отынның арасындағы бағаның сай келмеуін жою; елдің аумағында бағаны реттеу кез келген отынның бағасы оның жеткізіліп беру және оның кеткен шығынымен сай келуі тиіс және олар елдің отын – энергетикалық баланысымен реттелуі тиіс.

Энергия тасымалдау бағасы салықтың есеп жүргізу саясатымен қамтамасыздандырылуы керек, өндірістік өзін қаржыландыру және отын – энергетикалық кешеннің қолайлы жұмыс істеу құрлымының қызметін инвестициялау; энергия тасымалдаудың негізгі түріндегі баға арасындағы сай келмеушілікті (үйлесушілікті) жою, олардың қолайлы деңгейі, табиғи газдың бағасына негізделіп жақындастырылуы, энерготасымалдаудың әр түрлі жылулық қабілеттілігін ескеру, яғни ол қордың жоғарғы белсенуі сақтандыру технологиясына қосылуына мүмкіндік туғызады және елдің отындық кешеннің құрлымы жалпы қолайлы дамиды. Осы мәселені ойдағыдай аяқтау үшін біраз нәрсе істеу қажет және арнайы механизмді іске қосу қажет; мазут және шикізат мұнайының арасындағы бағаның сай келмеушілігін жою, сондай-ақ жылу және электроэнергияның және отынның арасындағы бағаның сай келмеуін жою; елдің аумағында бағаны реттеу кез келген отынның бағасы оның жеткізіліп беру және оның кеткен шығынымен сай келуі тиіс және олар елдің отын – энергетикалық баланысымен реттелуі тиіс.

Энерготасымалдаушылар бағасы (негізінде газ және электро энергия) соңғы тұтынушыға жеткізілген және барлық кеткен шығынды қосады.

Өздерінің өнімдік экспортын ұлғайту жағдайын қауіпсіздігін қамтамасыздандыру, яғни атомдық, энергетикалық, электротехнологиялық және мұнайгаздық.

Энергетикалық стратегия шетел серіктерімен негізгі қарым-қатынас қағидасы елесіні қарастырады: Ресей Федерациясының ұлттық қызығушылық приоритеті өзара тиімдісі барлық шетел мемлекеттермен, ұйымдарымен және компаниялармен қатынасы.

ТМД елдерімен қатынасы негізгі приоритеті болып табылады; ең жоғарғы приоритеті Белорус; шетел капиталының кез келген нысаны кіреді, бұның барлығы Ресей және Федерация субъектісінің заң шығаруымен көзделеді; өзіндік тұтыну энерго қамтамасыздандыру сенімділігін және шетел энергетикалық елдің қолайлығын жоғарлату мақсатында ұлттық капиталдың кез келген нысаны кіреді; өздерінің ішкі нарығы ашық және адал бәсекелестікке түсе отыра, шетел мемлекетінің нарығында өздерінің компаниялары үшін осындай ыңғайды Ресей талап етуге құқылы; Энергетикалық проблемадан туындаған саяси болымсыз және серіктеріне күш түсетін қысымды адал негізінде бейбіт келіссөз жолымен шешілуі тиіс.

Осы мақсат пен қағидадан шыға отырып Ресейдің халықаралық энергетикалық қызмет бағытында келесі негізгі бағытта жүзеге асырылады: отын – энергетикалық қорды экспорттау; басқа мемлекеттің аумағындағы энергетикалық қорды меңгеру және өңдеу; шетел инвесторларын өндірістік, транспорттық және Ресейдің энерготасымалдауын қайта құруына қатыстыру;

Энерго қорларын транзиттау; Ғылыми-техникалық және құқықтық халықаралық ынтымақтастық. Осы барлық қарастырылған көріністің маңызы бағыты энерго қордың экспорты болып табылады. Ресейдің энергетикалық стратегиясында энергиялық қордың экспорттық көлемінің едәуір сақталуы қарастырылады, негізгісі табиғи газ және сұйық отын, ал артып шығу құрамында мұнай өнімінің шығару деңгейін қарастырады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Төлеуғалиев М.Т. Энергиямен жабдықтауды құқықтық реттеу. Егемен Қазақстан. №24-25. 31 Қаңтар. 2018.
2. Идрышева С.К. Правовые вопросы о договоре энергоснабжение. Юридическая газета, 19 июля 2017.
3. Жилкибаева Э. Антимонопольное законодательство РК. Учеб. Пособие. - Алматы, ВШП «Адилет», 2014. – 142с.
4. Демириян К.С. и др. Все меры энергоснабжения: парадоксы экономии //К.С. Демириян, Э.В. Саранцкий, В.И. Янкулин. – М.: Советская Россия, 2019. – 152 с.
5. Қазақстан Республикасының «Бәсекелестік туралы» Заңы // Правовой справочник Законодательство. 2010.